

**Мәскеу және бүкіл Русь Патриархы КИРИЛЛДЫҢ
архипастырларға, пастырларға, диакондарға, монахтарға және барлық Орыс
Православие Қауымының сенімді балаларына Пасхалық жолдауы**

**Құдай үшін Сүйікті аса қасиетті архипастырлар, қадірлі пресвитерлер мен
диакондар, Құдайды сүйген иноктар мен инокинялар, қымбатты аға-інілер мен
әпке-қарындастар!**

Бар көрінетін және көрінбейтін әлем *осы әйгіленген және киелі күні* (Киелі Пасха канонын қараңыз), өмірдің Бастығын және өлімнің Жеңімпазын дәріптеген кезде, барлықтарыңды шын жүрекпен пасхалық леппен қарсы аламын:

ХРИСТОС ТІРІЛДІ!

Жылдан жылға Өлімнен Тірілу ізгі хабары, бізді, өліммен өлімді жеңіп, келе жатқан мәңгі өмірдің қатысушысы болуға жетелеген Құдайымызға және Құтқарушымызға мадақтаулық айтуға талаптайды.

Бұл мерекенің мерекесін және салтанаттың салтанатын тойлай отырып, біз аса рухани сезіммен әлемнің Құтқарушысының ерлігін, Оның кресттегі кешкен қайғы-қасіретін және жарқын Өлімнен Тірілуін еске аламыз. Пасха – бұл әдемі аңыз емес, теориялық дін ілімі әлде өтіп кеткен заманда халық дәстүрінде белгіленген құрметтік емес. Бұл – христианствоның нағыз мәні және өзегі. Бұл – бізге Құдайдан берілген жеңіс.

Апостолдар заманынан біздің заманымызға дейін Қауым Христостың Өлімнен Тірілуін адамзат тарихындағы ең үлкен керемет ретінде уағыздайды. Ол бұл керемет жайында тек Евангелиялық дерек ретінде ғана емес, бірақ – ең маңыздысы – пасхалық ізгі хабарды қабылдағандардың тағдыр шешті оқиғасы ретінде айтады. Бұл мерекенің бәрімізге тікелей қатынасы бар, өйткені Христостың Өлімнен Тірілуі, Құдай Иенің күнәланған әлемді өтеуі – бұл адам баласы басынан кешіре алатын ең үлкен қуаныш. Біздің өміріміз қандай қиыншылықта болса да, қандай да өмірлік тауқымет бізге келсе де, адамдардан және қоршаған ортадан қандай да қайғы-қасірет және жетілдірілмегендік бастан кешсек те, – бұның бәрі бізге Құдайдың берген сол рухани қуанышының, сол мәңгілік құтқарылуға үміттің алдында ештеңе емес.

Апостол Павелдың сөзі бойынша, *Христосты Өлімнен Тірілткен біздің де өлі тәнімізді, бізде болған Өзінің Тынымен тірілмеді* (Рим. 8, 11 қар.).

Христостың өлімнен Тірілу жарқын күні миллиондаған сенушілердің жандары Жаратушыға ризалық терең сезімге бөленеді, және біздің жер бетіндегі болмысымыз шынайы мән табады. Христос Пасхасы махаббат, тыныштық және рухани жаңару жетелеген және өлімді жеңген өмірдің ұлы салтанаты болып табылады.

Пасханы мерекелей, біз әр жолы өзіміздің өміріміздің жаңа кезеңін ашқандай боламыз, өйткені Өлімнен Тірілген Құдай Ие адам табиғатын жаңартады, сынақ кезінде берікті қылады, игі істер істеуге күш береді.

Келесі бүкіл дүние жүзілік тарих барысын өзгерткен Пасхалық хабар, бүгінгі

замандағы қоғамға қажетті, біздің өнегелік өзгеруімізді және рухани жаңаруымызды талап етеді. Ол бар адамзатқа христанствоның қайнар көзін, сонымен қатар келе жатқан, онда *Құдай бәрінде де болған* (1 Кор. 15, 28) мәңгілік Патшалықты ескертеді.

Пасхалық салтанаттың жарқын күндерінде біз өзіміздің қуанышымызбен туған-туысқандарымызбен және жақындарымызбен бөлісіп, оларға әрекетті махаббат және мейірімділік көрсетуіміз керек. Ғасырлар бойы келе жатқан дәстүр осындай, біз оған ере Құдай Иенің өлімнен шынымен де тірілгеніне сенеміз және өзіміздің Христос мұралығына қатыстылығымызды қуәландырамыз.

Қазірде бұрынғыдай Орыс Православие Қауымы өзінің құтқару міндетін ынтамен орындап, Құдай шындығын әрдайым мадақтап, евангелиелік өсиеттердің өзгермейтін мағынасын бекітіп, халықтардың рухани бірігуіне қызмет етеді және Мәскеу Патриархатының пастырлық жауапкершілігіндегі елде өмір сүргендерді бейбітшілікке және ынтымақтастыққа шақырады.

Біздің бүгінгі ерекше айтатын мінажатымыз – Ресей және Украина халықтары үшін, ағайынды және діні бір болған аға-інілер мен әкпе-қарындасстардың ақылдары мен жүректерінде бейбітшілік орнауы үшін, қажетті ынтымақтастықты және жоғалтқан байланысты қалпына келтіру үшін.

Түсінуден жоғары Құдай махаббатын (Еф, 3, 19 қараңыз) даңқтап, христианство ұлттық, дәстүрлік және мемлекеттік шекараны жеңіп, адамдарды біріктіреді, өйткені *Христос жарығы барлығын жарықтандырады* (Ин. 1, 9 қараңыз).

Өлімнен Тірілген Құдай Ие бәріміздің жер бетіндегі сапарымызды жанымызға пайдамен өткізіссін, өйткені біз христиандықтың жоғарғы жауапкершілігін есте сақтай отырып, өзімізге және айналамыздағыларға берікті сенім, адал махаббат және тиянақты үміт құруға шақырылғанбыз. Бұл мерекенің қуанышы бізді игілікті істер істеуге батылдандырады және шабыттандырады, өмір теңізіндегі долы толқындардың арасында төзімділік және тыныштық сақтауға беріктейді, монах атындағы Сергей Радонежкийдің сөзі бойынша, *бұл әлемнің жексұрынды ақаусыздығындағы азғырушылыққа және арбаушылыққа төтеп беруге күш береді.*

Христостың Өмірбергіш табытының жарығының даңқы біздің жүрегімізді нұрландырсын, біздің назарымызға және көмегімізге мұқтаж болған жақындарымызға және алыстағыларымызға жайылсын.

Барлықтарыңды ұлы Киелі Пасха мерекесімен құттықтай отырып, берекелі рухани сый, денеге беріктік және Христостың соңындағы жеңісті жолда жоғарыдан нұр жауған көмек тілеймін.

Әумин.

МӘСКЕУ ЖӘНЕ БҮКІЛ РУСЬ ПАТРИРХЫ

Мәскеу,
Христос пасхасы
2014 жыл